



«Мұғалімдерге шынай кері байланыс керек»

Билл Гейс

«Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың алдын алу үшін мұғалімнің сабақтағы іс-әрекетін жетілдіру»

Сабақта тиімді кері байланысты қолдану

Мақсаты:

- Мұғалімдерге сабақта кері байланысты тиімді ұйымдастыру жағынан мәліметтер алуға жағдай жасау;
- Оқушылардың көңіл-күйіне, сабақтағы іс -әрекетіне, оқу материалдарына рефлексия жасау жолдарын жоспарлауды бірлесіп қарастыру.

Күтілетін нәтиже:

Мұғалімдер сабақтағы кері байланыс жайлы, оның түрлері, әдістері жайлы мәліметтермен таныс болады. Кері байланыстың мәнін түсінеді.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС

I топ.

Қалай ойлайсыздар, сабақтағы кері байланыс деген не?



2-топ.

Кері байланыс қандай мақсатта жүргізіледі?



3-топ.

Кері байланыстың қандай түрлерін, формалары мен әдістерін білесіздер?



Кері байланыс (ағылшынша feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс

Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы».

Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс.


Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН, 2-ші баспалдағы Мен ТҮСІНЕМІН, 3-ші баспалдағы Мен ЖАСАЙ АЛАМЫН

Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс.

Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: **“Синквейн”** әдісі, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты іс – әрекетін анықтауға, бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді. «Плюс, Минус, Қызықты».

Кері байланыс

Мақсатқа жетелейтін нақты әрекет, ситуация, талас тудыратын сұрақтар мен мәселелер бойынша түсінік алу және түсінік беру үдерісі. Тиімді кері байланысты ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болып табылады.



Оқу үдерісінің барысы туралы түсінік қалыптастырудың бірден-бір құралы, оқу міндеттері мен мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалімге оқушының жетістіктері мен қиындықтары туралы хабардар етеді.



КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ АЛУ ЕРЕЖЕСІ



Жақсы кері байланыс

Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, дұрыс жауабын табыңыздар.

Оқу мақсаттарына *бағытталады*;

Оқушылар дұрыс *бағытта екенін* біледі;

Оқушыларды қателерін түзеп, өз жұмыстарын жақсартуға *ынталандырады*;

Оқушыларға *өз бетінше ойлануына, жауап беруге* мүмкіндік береді;

Бірнеше қадамнан кейінгі

ілгерілеу туралы хабардар етеді;

Басқа оқушылармен *салыстыруды* болдырмайды.

Кері байланыс қандай мақсатта жүргізіледі?

- Үдерісті басқару-үдеріс субъектілерінің көшбасшылық дағдыларын дамыту, үдерісті табысты басқаруға жағдай жасау;
- Дер кезінде түзетулер жасау, қателерді кемшіліктерді жою;
- Мақсатқа жетуді қамтамасыз ету;
- Үдеріс субъектілерін дұрыс шешім қабылдауға бағыттау;
- Оқушылардың өзіндік бағалауын қалыптастыру;
- Оқушының әлеуметтенуін қалыптастыру;
- Рефлексия жасауға ықпал ету, көмектесу;
- Оқушыларды табысқа ұмтылу сезімдерін туындату.

Кері байланыстың түрлері, формалары мен әдістері

- Кері байланыс **ауызша** немесе **жазбаша** түрде жүргізіледі.
- КБ түрлері жағымды және жағымсыз.
- КБ **формалары мен әдістері** өте көп:

ауызша талдау, жазбаша сауалнамалар алу, графикалық суреттер, смайликтер, оқушының бойында ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді рөлдік ойындар арқылы сезінуі (жаңа білім алу, өзін-өзі таныту, көңіл-күйі , белсенділік немесе селқостық таныту деңгейі)

Кері байланыс түрлері:

- Жазбаша түсінік беру;
- Бақылау;
- Сұрақ-жауап /Блиц-сұрақтар/
- Жаппай /фронтальды/ сұрау;
- Сұрақтар;
- Кері байланыс күнделігі;
- Өзін-өзі бақылау дәптері т.б.
- Бір минуттық эссе;
- Шағын-тест;
- Екі жұлдыз, бір тілек;
- Қалыптастырушы тест т.б.



Кері байланыс арқылы-



Оқушы өзінің оқудағы *кемшіліктерін* түсінуге көмектесетін мәліметтер мен алға жылжуға нақты нұсқаулар алады;

Мұғалім оқытудағы жіберілген *олқылықтар* және өзінің әрекетіне, қызметіне (*жаңа әдіс-тәсілдер, оқыту техникалары, сабақта уақытты тиімді пайдалану т.б.*) өзгерістер енгізуге көмектесетін мәліметтер алады;

Оқушыларға жиі және маңызды кері байланыс ұсынылған жағдайда оқыту тиімді болады.



Кіші жоба дайындау, қорғау (топпен жұмыс)

Сабақта кері байланысты қалай ұйымдастырар едіңіздер?

I топ.

«Қызығушылығын ояту» бөлімінде



II топ.

«Мағынаны тану» бөлімінде



III топ.


«Ойтолғаныс» бөлімінде



Кері байланыс...



Кері байланысты мұғалім *Кері байланыссыз мұғалім*



Оқуды оқыту жағдайына қарай түрі мен мазмұнын әдісі мен тәсілін бейімдейді, тиімді оқытады.



Үйреншікті оқыту түрін өзгертпейді, оқытуда бір ғана әдіспен оқыту түрін пайдаланады.

Кері байланысты шектеу себептері

**Жағымсыз
кері байланыс**




**Жағымды
кері байланыс**

Оқушы тарапынан
өзіне өкпе назын
тудырып алуы туралы
алаңдау.

Жағымпас болып
көрінуден бас
тарту

Мұғалімнің
психологиялық жағынан
ыңғайсыздану
әрекеттерін жоюға
ұмтылу.

КЕРІ БАЙЛАНЫС



Оқушының мінез-
құлқына кері әсер
туғызып алуға
алаңдаушылық

Кері байланысты жазуға арналған ұсыныстар

Үнемі тиімді кері байланыс жасаңыз және оқушыларды өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалауға үйретіңіз. Түсіндірмесіз айтылатын **«дұрыс емес», «өтірік», «кім жауап береді?»** деген сөздерден аулақ болыңыз. Ненің дұрыс емес екенін, оны түзету үшін не істеуге болатынын ұсыныңыз.

Қателігін емес, дұрыс орындалғанын айтыңыз.

Кемшіліктерді болдырмаудың жолдары немесе жауаптарын қалай жақсартуға болатыны жөнінде ұсыныстар беріңіз. Қателіктері туралы төмендегідей пункттер бойынша ақпарат бере аласыз: ***орналасуы; қателерінің түрі; қателерді жөндеу үшін жасалатын әрекеттер.***

Оқушының жауабына берілетін кері байланысыңызда мысқылдайтын, сынайтын тұрғыдағы **«орынсыз жауап», «бұлай ойлауға қандай қақың бар»** және т.б. жағымсыз сөздерді, сөз тіркестерін қолданудан сақтаныңыз. Мұндай сөз тіркестері оқушының намысына тиеді.


Кері байланыс күнделігі

Сабақтың соңында мұғалім оқушылардан төмендегі екі сұраққа жауап берулерін ұсынады:

1. Мен сабақтың тақырыбын _____
түсіндім, оны _____ орындай аламын.

2. Мен _____ түсінбедім, маған ең қиыны
_____ болды.

Бұл Шакировтың формативті бағалау туралы нұсқаулықта жазылған. Сол нұсқаулықта кері байланыстың тиімді әдіс тәсілдері берілген.



Өзін-өзі бағалау

Бағдаршам:

- Мен тақырыпты /сабақты/ түсінбедім, сондықтан сұрақтарға жауап бере алмадым.
- Мен тақырыпты /сабақты/ толық түсіне алмадым, сұрақтарға жауап беру үшін мен қайта оқып шығуым керек.
- Мен бәрін түсіндім, сондықтан барлық сұрақтарға дұрыс жауап бердім.

«Бестік» кері байланысы

Қағаздың бетіне өз қолыңыздың саусақтарын айналдыра сызыңыздар.

Әр саусақтың өзінің орны /позициясы/бар, солар бойынша өз ойларыңызды айтасыздар.

- Бас бармақ- мен үшін тақырып / сабақта маңызды және қызықты болды.
- Сұқ саусақ- маған қиын болды.
- Ортаншы саусақ- маған жеткілікті болмады.
- Төртінші саусақ- менің көңіл- күйім.
- Бесінші саусақ- менің ұсынысым.

Назарларыңызға рахмет!!!

